

Тоқтап тұрған кәсіпорындарды және тиімділігі шамалы өндірістерді саралаудың, кейіннен оларды белгіленген тәртіппен шағын кәсіпкерлік субъектілеріне берудің 2001-2005 жылдарға арналған салалық бағдарламасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 17 шілде N 969. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.05.20. N 462 қаулысымен.

Экономиканың басым бағыттарында шағын кәсіпкерлікті тұрақты дамытуды және шағын бизнес үлесін арттыруды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Тоқтап тұрған кәсіпорындарды және тиімділігі шамалы өндірістерді саралаудың, кейіннен оларды белгіленген тәртіппен шағын кәсіпкерлік субъектілеріне берудің 2001-2005 жылдарға арналған салалық Бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Бағдарламаның орындалуын қамтамасыз етуді үйлестіру Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігіне жүктелсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары О.Ә. Жандосовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2001 жылғы 17 шілдедегі

N 969 қаулысымен

бекітілген

Тоқтап тұрған кәсіпорындарды және тиімділігі шамалы өндірістерді саралаудың, кейіннен оларды белгіленген тәртіппен шағын кәсіпкерлік субъектілеріне берудің 2001-2005 жылдарға арналған салалық бағдарламасы

1. Бағдарламаның паспорты

Бағдарламаның атауы - "Тоқтап тұрған кәсіпорындарды және тиімділігі шамалы өндірістерді саралаудың, кейіннен оларды белгіленген тәртіппен шағын кәсіпкерлік субъектілеріне берудің 2001-2005 жылдарға арналған салалық бағдарламасы" .

Бағдарламаны әзірлеу үшін негіздемелер - 2000 жылғы 23 қазандағы Қазақстан Республикасы Президентінің қатысуымен өткізілген кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі республикалық кеңестің N 01-10/07 хаттамасының 2в тармағы және 2000 жылғы 23 қазандағы Қазақстан Республикасы Президентінің қатысуымен өткізілген шағын кәсіпкерлікті дамыту мәселелері жөніндегі республикалық кеңестің N 01-10/7 хаттамалық шешімін іске асыру жөніндегі Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі 2000 жылғы 4 желтоқсандағы N 17-11/005-188 бекіткен іс-шаралар жоспарының 4-тармағы.

Әзірлеуші - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі.

Бағдарламаны іске асыру мерзімі - 2001-2005 жылдар.

Бағдарламаны қаржыландыру көздері - республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің өз қаражаттары және коммерциялық банктердің несиелері.

2. Кіріспе

Тоқтап тұрған кәсіпорындарды және тиімділігі шамалы өндірістерді саралаудың, кейіннен оларды белгіленген тәртіппен шағын кәсіпкерлік субъектілеріне берудің 2001-2005 жылдарға арналған салалық бағдарламасын (бұдан әрі - Бағдарлама) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі 2000 жылдың 23 қазанында Қазақстан Республикасы Президентінің қатысуымен өткізілген Кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі республикалық кеңестің N 01-10/07 хаттамасының 2в тармағы және 2000 жылғы 23 қазандағы Қазақстан Республикасы Президентінің қатысуымен Шағын кәсіпкерлікті дамыту мәселелері жөніндегі республикалық кеңестің N 01-10/7 хаттамалық шешімін іске асыру жөніндегі Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2000 жылғы 4 желтоқсанда N 17-11/005-188 бекіткен Іс-шаралар жоспарының 4-тармағына с ә й к е с ә з і р л е г е н .

Бағдарлама Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті дамытудың және қолдаудың 2001-2002 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын одан әрі дамыту мен іске асыруға бағдарланған және шағын кәсіпкерлікті қолдаудың инфрақұрылымын дамытуға әрі оның дамуына қолайлы жағдай жасауға бағытталған іс-шараларды іске асыруды жалғастыру негізінде қалыптастырылған .

Тоқтап тұрған кәсіпорындарды және тиімділігі шамалы өндірістерді

саралаудың, кейіннен оларды шағын кәсіпкерлік субъектілеріне берудің мәселелері кәсіпорындардың ұйымдық-құқықтық нысанын, меншік нысанын және қаржы-экономикалық жағдайлары негізге алынып, қаралады.

Бағдарлама шағын кәсіпкерлік инфрақұрылымын дамытуға қолайлы жағдайлар жасау үшін тоқтап тұрған кәсіпорындар мен тиімділігі шамалы өндірістерді қайта ұйымдастыру және саралау кезінде шағын кәсіпкерлік субъектілеріне мүлік кешендерін, технологиялар мен жабдықтарды қалыптастыру мен беру жөніндегі негізгі бағыттарды белгілейді.

3. Проблеманың жай-күйін талдау

Қазақстанда 2001 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша 383 мыңнан астам шағын кәсіпкерлік субъектілері (заңды және жеке тұлғалардың) тіркелген, шағын бизнес саласында 1,47 миллионнан астам адам жұмыс істейді, мұның өзі республикада жұмыс істейтін еңбекшілердің жалпы санының (6,1 млн. адам) 24 п а й ы з ы н к ұ р а й д ы .

Макроэкономикалық тұрақтылыққа жету кезеңінде шағын бизнестің негізгі бөлігі өз қаражатының жеткіліксіздігінен және несие ала алмауынан сауда-делдалдық операциялармен өз қызметін шектеді.

Осыған байланысты шағын кәсіпкерлік субъектілері өндіретін өнімдердің салалық құрылымы оңтайсыз күйінде қалуда. Республика бойынша тұтастай алғанда сауда-делдалдық қызмет, шығарылатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтің жалпы көлемінің 62,6%-ын құрайды және барлық аймақтарда, әсіресе, Шығыс Қазақстан (ағымдағы жылғы жалпы көлемінің 84,3%), Қарағанды (76,1%) , Қостанай (64,3%) облыстарында жоғары күйде қалып отыр. Тек Оңтүстік Қазақстан, Алматы облыстарында және Алматы қаласы мен Атырау облысында бұл үлес республикалық орташа деңгейден төмен (тиісінше 39%, 29% және 24,2%) .

Нарықтық экономика елдерінде шағын бизнес құрылымы ұзақ уақыт кезеңінде табиғи жолмен құрылып, дамыды. Қазақстанда экономиканың бұл секторы, іс жүзінде, соңғы 10 жылда қалыптасты және осы процестерді мемлекеттік реттеу және қолдау қажет, мұның өзі осы Бағдарламаның мақсаты б о л ы п т а б ы л а д ы .

Тоқтап тұрған кәсіпорындарды және тиімділігі шамалы өндірістерді саралау өндірістік әлеуеттің пайдаланылу тиімділігін арттыру мен өнеркәсіптік кәсіпорындардың құрылымын оңтайландыруды және сонымен бір мезгілде шағын бизнестің өнеркәсіп өндірісінің процестеріне қосылуына мүмкіндік т у ғ ы з у д ы қ а м т а м а с ы з е т у і т и і с .

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің деректері бойынша қазіргі уақытта

шағын кәсіпкерлік субъектілеріне берілген несиелердің ағымдағы қоржыны 73 388,4 млн. теңге болды. Қысқа мерзімді несиенің үлесі 50,9%, ал орташа және ұзақ мерзімді несиелер үлесі 49,1% болды.

Шағын бизнес саласына жіберілетін қаржы-несие ресурстарының негізгі көздерінің бірі - Азия Даму Банкінің (АДБ), Еуропалық Қайта жаңарту және Даму Банкінің (ЕҚДБ) несиелік желілерінің қаражаттары болып табылады.

АДБ заемы бойынша қазіргі уақытта 31,0 млн. АҚШ доллары сомасында 52 жоба қаржыландырылып отыр. ЕҚДБ заемын игеру басталғаннан бері жалпы сомасы 86,1 млн. АҚШ доллары болатын 11 503 жоба қаржыландырылды.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау және дамуын жандандыру жөніндегі шаралар туралы" 1997 жылғы 6 наурыздағы N 3398 Жарлығы шыққан сәттен бері анықталған пайдаланылмайтын 4854 объекті мен ғимараттың 2130-ы шағын кәсіпкерлік субъектілерге сатылды, 1972-і жалға берілді, 819 объекті сенімгерлік басқаруға, 837 объекті қайтарымсыз негізде берілді.

Бағдарлама шағын кәсіпкерлікті тұрақты дамыту процестерін жеделдетуді, экономиканың басым салаларында шағын бизнес үлесін ұлғайтуды қамтамасыз етуі тиіс.

4. Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері

Бағдарламаның негізгі мақсаттары:

шағын кәсіпкерліктің тұрақты дамуын қамтамасыз ету;
экономиканың басым салаларында шағын бизнес үлесін ұлғайту;
жаңа жұмыс орындарының санын көбейту.

Көрсетілген мақсаттарды іске асыру үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:
өнеркәсіптің өндірістік әлеуетін пайдаланудың тиімділігін арттыру;
өндірістік, қаржы, ғылыми-технологиялық және өзге де қызмет салаларында шағын кәсіпкерлік қызметін құруды және дамытуды қамтамасыз ету;
шағын бизнес субъектілері мен кәсіпорындарын өндірістік-технологиялық процестерге енгізуді және өнеркәсіп орындарын кооперациялауды қамтамасыз ету;

кәсіпорындардың инженерлік-техникалық әлеуетін сақтау және өнеркәсіпте шағын бизнесті ақпараттық-техникалық қолдауды қамтамасыз ету;
мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын құрылымдардың күнделікті мұқтаждары, өндірістік кооперация мен өнеркәсіп орындармен ынтымақтастық салаларында шағын бизнес өнімін өткізу рыногын қалыптастыру.

5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары

5.1. Республикалық меншіктегі тоқтап тұрған кәсіпорындарды және тиімділігі шамалы өндірістерді, олардың мүлiктiк кешендерiн, технологиялары мен жабдықтарын саралау және шағын кәсіпкерлік субъектілеріне беру.

Қазіргі уақытта республикадағы ірі кәсіпорындардың негiзгi бөлiгi акционерлік қоғам, жауапкершілігі шектеулі серіктестік т.б. түрінде мемлекеттік емес заңды тұлға нысанында қайта құрылған, олардың бір бөлiгi жекешелендірілген немесе қабылданған сот шешіміне сәйкес банкроттық с а т ы с ы н д а .

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес акционерлік қоғам өз акционерлерінің мүлiктерiнен оқшауланған мүлiктi иеленеді және олардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Мемлекет акционер ретінде акционерлік қоғамның мүлкіне дербес иелік етуіне, соның ішінде оны саралауға және шағын кәсіпкерлік субъектілеріне беруге құқығы жоқ.

Тоқтап тұрған кәсіпорындар мен тиімділігі шамалы өндірістерге қатысты қайта ұйымдастыру және/немесе тарату рәсімдерін қолдану арқылы саралауды жүргізу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 21 шілдедегі N 1095 қаулысымен бекітілген "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік мүлiктi басқару және жекешелендіруді басқару тұжырымдамасымен " белгіленген және мемлекеттік мүлiктi басқарудың мемлекеттік саясаты бағыттарының бірі болып табылады. Саралауды жүргізу мемлекеттік экономикалық саясаттың мүдделерін, белгілі бір салалар мен нақты кәсіпорындарды реттеу жөніндегі стратегиялық міндеттерді мемлекеттің шешуін негiзге ала отырып, мемлекеттік мүлiктiң құрылымы мен құрамын оңтайландыруды қамтиды.

Республикалық мемлекеттік кәсіпорындарға қатысты оларды құрудың мәні мен мақсатын және оларға қажетті мүлiк құрамын жіті айқындауды талап етеді.

Бұл ретте, мемлекеттік кәсіпорындардың артық, пайдаланылмайтын, мақсаттан тыс пайдаланылатын мүлiктерi уәкілетті органдардың келісімі бойынша шағын кәсіпкерлік субъектілерімен бірлесіп бірлескен кәсіпорындар мен өндірістер құру үшін пайдаланылуы мүмкін.

Жарғылық капиталында мемлекет үлесі бар акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктерінде кәсіпорындарды саралау мемлекет мүддесін ескере отырып мынадай жолдармен жүргізіледі:

басқару шығындарын оңтайландыру (жарғылық капиталында мемлекет үлесі бар акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктерінің санын заңнамада белгіленген тәртіппен қысқарту, басқаруға байланысты шығыстарды қысқарту):

кәсіпорындардың құрылымы мен экономикасын институционалдық қайта құруды жүзеге асыру (кәсіпорындарды, салаларды қайта ұйымдастыру және қайта құрылымдау, оңтайлы біріктірілген құрылымдарды құру).

Аталған шараларды жүргізудің қажетті болатын себебі, ірі өнеркәсіптік акционерлік қоғамдардың көпшілігінде әртүрлі өнім түрлерін өндіру үшін пайдаланылатын құрылымдары бар. Осындай қоғамдарға қатысты жалпы мемлекеттік міндеттерді шешу мүлік кешендерін бөле отырып, мемлекетке қажетті қайта құрылымдау жүзеге асырылуы, осы мүлік кешенінің негізінде мемлекет үлесі жүз пайыз болатын акционерлік қоғамдар құрылуы не акционерлік қоғамның тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ететін өндірісті әртараптандыру жүргізілуі тиіс. Қалған мүлікке қатысты, соның базасында шағын және орта бизнесті қатыстыра отырып, жаңа өндірісті дамыту мақсатында саралау және жекешелендіру жүргізіледі.

Акционерлік қоғамдар бойынша қолданылып жүрген заңнама шеңберінде: мемлекеттің қатысуымен анағұрлым шағын акционерлік қоғамдарды құру; акциялардың мемлекеттік пакеттерін қайтадан ұйымдастырылған акционерлік қоғамдарға кейіннен сатып алу құқығымен сенімгерлік басқаруға беру ;

оқшауландырылған өндірістер негізінде шағын кәсіпкерлік субъектілері ретінде жауапкершілігі шектеулі еншілес серіктестіктер құру;

оларға өндірістік объектілер мен үй-жайлардың жарғылық капиталын беріп, шағын кәсіпкерлік субъектілерімен бірлесіп жаңа заңды тұлғалар құру.

Өндірісті әртараптандыру және тиімділігін арттыру өндірістік кооперация шеңберінде аталған қызметті жалғастыру үшін шағын кәсіпкерлік субъектілеріне оларды кейін бере отырып, технологиялық процеске қатысатын кәсіпорындардың залалды бөлімшелерін қайта ұйымдастыру мен саралау жүргізіледі .

Қарамағында мемлекеттік кәсіпорындары, акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттері және шаруашылық серіктестіктерінің үлесі бар Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне тоқтап тұрған кәсіпорындар, тиімділігі шамалы өндірістер, пайдаланылмаған өндірістік қорлар мен алаңдар, олардың салалық ерекшеліктерін ескере отырып, кейіннен белгіленген тәртіппен шағын кәсіпкерлік субъектілеріне сату және/немесе беру үшін олардың тізбесі мен мүлкін саралау жөніндегі ұсыныстардың берілуін қамтамасыз етуі тиіс.

Бағдарламаны іске асыру процесінде республика заңнамасында көзделген қайта ұйымдастыру және өзге де шаралар рәсімдерін қолдау кезінде, меншікті тиімсіз пайдаланушыдан неғұрлым тиімді пайдаланушыға қайта бөлу тәсілдерінің бірі ретінде банкроттық рәсімдерін де пайдалану қажет.

Республикалық бюджеттен берілген несиелерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен қамтамасыз етілген мемлекеттік

емес сыртқы заемдар желісі бойынша республикалық бюджеттен оқшауландырылған республикалық қаражатты өтеу мақсатында мүліктерді алушылардың құқықтық тетігін белгілеуді, мүліктерді қабылдау мен тапсыру тәртібін, бағалау құнын және оның кейінгі өзгерістерін, төлем көздерін және осымен байланысты төлеушілердің ақшалай шығындары мен мүліктерді тапсыру кезінде туындайтын ҚҚС мөлшерін, бюджет алдындағы берешегін немесе оның бір бөлігін есептен шығару тәртібін және т.б. мәселелерді пысықтау қажет.

Жоғарыда аталған, республикалық бюджеттен оқшауландырылған несиелер мен қаражаттар бойынша кәсіпорындардың - түпкілікті заемшылардың мүлік кешендерін, технологиялары мен жабдықтарын саралау және шағын кәсіпкерлік субъектілеріне беру туралы шешімді Қазақстан Республикасы Үкіметінің уәкілеттік берген мемлекеттік орган осы азаматтық-құқықтық мәміледе несиелер беруші ретінде мемлекеттің мүддесін белгіленген тәртіппен білдіреді. Шешім Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 21 маусымдағы N 813 қаулысымен құрылған Ведомствоаралық комиссияның ұсыныстары мен ұсынымдары негізінде қабылдайды.

5.2. Тоқтап тұрған кәсіпорындарды және тиімділігі шамалы өндірістерді саралау, олардың мүліктік кешендерін, технологиялары мен жабдықтарын шағын кәсіпкерлік субъектілеріне беру.

Бағдарламаның негізі - әлеуметтік-экономикалық даму әлеуметтік саланы дамыту, кедейшілікпен және жұмыссыздықпен күресу, шағын және орташа кәсіпкерлікті дамыту аймақтық бағдарламаларын іске асыру процесінде жергілікті атқарушы органдар жүзеге асыратын коммуналдық меншіктегі кәсіпорындардың мүліктерін қайта ұйымдастыру және саралау болып табылады. Кәсіпорындардың мәртебесін, оларды тоқтап тұрған және қайта ұйымдастыру мен саралау санатына жатқызуды, тиімділігі шамалы өндірістік қуатының болуын, саралауды жүргізу ұсынылатын кәсіпорындар тізбесін іріктеу мен қалыптастыруды анықтау, кәсіпорындарды қаржылық-экономикалық сауықтыру, қайта ұйымдастыру және тарату жөніндегі облыстық комиссияның немесе облыстардың, Астана және Алматы қалаларындағы әкімдердің жанынан құрылған осындай құрылымдардың ұсынымдары негізінде жүзеге асырылады.

Аймақтық бағдарламаларды әзірлеу процесінде коммуналдық меншікті тексеру (түгендеу), кәсіпорындарды паспорттандыру, кәсіпорындарды қаржылық-экономикалық сауықтырудың бизнес жоспарын әзірлеу, кәсіпорындардың өміршеңдігі мен болашақтағы дамуын бағалауды, қайта ұйымдастыру және саралау ұсынылатын кәсіпорындардың қаржылық-шаруашылық қызметінің тұрақты мониторингін енгізуді жүргізу қажет. Мемлекеттік меншіктің тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ете алмаған кәсіпорындардың мүліктерін қайта ұйымдастыру және саралау туралы шешім

қаржылық-шаруашылық қызметтің мониторингі, шағын бизнес өнімдері, жұмыстар мен көрсететін қызметтерінің аймақтық рыногын одан әрі қайта ұйымдастыру және саралау бизнес жоспарларын талдау негізінде шағын кәсіпкерлік үшін тиісті бизнес бірліктері, технологиялық кешендер мен жабдықтар бөлініп, қабылданады.

Бағдарламаны, соның ішінде, дәрменсіз кәсіпорындардың банкроттық рәсімін пайдалана отырып іске асыру "Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүргізіледі.

5.3. Банкроттық және оңалту рәсімдері арқылы борышкер кәсіпорындардың конкурстық массасы құрамындағы мүлік кешендерін, технологиялары мен жабдықтарын шағын кәсіпкерлік субъектілеріне қалыптастыру және сату.

Банкроттық және оңалту рәсімдері өтімді мүліктің негізінде тиімді жұмыс істейтін жаңа кәсіпорынды, бәлкім, мемлекеттің қатысу үлесімен құруға мүмкіндік береді. Мемлекеттің банкроттық рәсімдерге несие беруші ретінде қатысуы кәсіпорындарды қайта құрылымдауды жүзеге асыруға, тиімді меншік иелерін тартуға, кәсіпорындардың тиімділігін арттырудың ұзақ мерзімді мақсаттарына қол жеткізуге арналған.

Дәрменсіз кәсіпорындардың мүліктерін қайта ұйымдастыру, саралау және сату "Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және республиканың өзге де заңнамалық кесімдеріне сәйкес жүзеге асырылады. Дәрменсіз кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру және банкроттық рәсімдері несие берушілер мүдделерінде әрі несие берушілер комитетінің басшылығымен жүргізіледі де, банкроттық жөніндегі мамандар - сот тағайындайтын, конкурстық немесе оңалтуды басқарушы жүзеге асырады. Банкроттық рәсімі іс жүзінде борышкердің мүліктерін саралау және сату барысында әкімшілік ықпал ету шараларына мүлде жол бермейді. Мүліктерді сату несие берушілер комитеті бекіткен конкурстық массаны сату жоспарына сәйкес аукциондық саудаластықта өтемдік негізде келісілген баға бойынша жүргізіледі.

Дәрменсіз кәсіпорындарды қаржылық-экономикалық сауықтыру процесінде олардың төлем қабілеттігін қалпына келтіру мақсатында оңалту рәсімдерінің бүкіл кешені, соның ішінде кез келген қайта ұйымдастыру, ұйымдық-шаруашылық, басқару, техникалық, қаржылық-экономикалық, құқықтық және заңнамаға қайшы келмейтін әрі борышкерді оңалту мақсатына жетуге бағытталған өзге де рәсімдер қолданылады. Залалды бөлімшелерді ішкі қайта ұйымдастыру және тарату нәтижесі бойынша сараланған бизнес бірлікті, өндірістік-технологиялық кешендер мен жабдықтарды сату, несие берушілер комитетінің келісімімен және соттың бекітуімен оңалту жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. Залалды бөлімшелерді ішкі қайта ұйымдастыру және саралау шығын деңгейін кемітуді әрі оңалтылатын кәсіпорындар өндірісінің тиімділігін

арттыруды қамтамасыз етуі тиіс.

Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне мүліктері сатылатын дәрменсіз кәсіпорындар тізбесі банкроттық рәсімі арқылы жүзеге асырыла алады, мұның өзі уәкілетті органның* Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің аумақтық салық органдарымен және Қаржы министрлігімен өзара іс-қимылы арқылы қалыптастырылатын дәрменсіз кәсіпорындар тізілімінің бір бөлігі болып саналады.

Тізілімде салық және бюджетке өзге де төлемдер, соның ішінде республикалық бюджет есебінен алған несиелер бойынша берешектер және Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бойынша әрі кәсіпорындардың қаржылық жағдайы жөніндегі міндеттемелерді орындауға байланысты республикалық бюджеттен оқшауландырылатын қаражаттар туралы ақпарат болады.

Уәкілетті орган банкрот кәсіпорындардың мүліктеріне аукциондық саудаластықты жүргізер алдында әкімияттар жанындағы шағын кәсіпкерлікті қолдау департаментіне немесе өзге де сондай құрылымдарға борышкер кәсіпорындардың конкурстық массасында мүліктің болуы әрі құрамы, оны сату жоспары мен шағын кәсіпкерлік субъектісіне сату мүмкіндіктері туралы ақпарат ұсынады.

5.4. Жеке ірі кәсіпорындардың оқшауландырылған бөлімшелерін саралау және шағын кәсіпкерлік қызметінің салаларын кеңейту мәселелері.

Шағын кәсіпкерлік құрылымын дамыту және жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі, салалық министрліктер мен ведомстволар, облыстардың және Алматы мен Астана қалаларының әкімдері ірі өнеркәсіптік және қала құраушы кәсіпорындарды аумақтық оқшауландырылған залалды бөлімшелерін, коммуналдық шаруашылықтың көп функциялы және оқшауландырылған бөлімшелерін, энергиямен және сумен жабдықтау, автомобиль жолдарын, ауыл шаруашылығы шикізаттары мен қайталама ресурстарды жинауды және бастапқы қайта өңдеуді, ауыл мен ауыл шаруашылығының инфрақұрылымдарын, әкімшілік және үстеме шығыстардың жоғары деңгейде болуына байланысты мемлекеттік меншікті пайдаланудың тиімділігі мен бәсекелесу қабілеті төмен өзге де өндірістерді саралау және шағын кәсіпкерлік субъектілеріне беру мәселелері бойынша ұсыныстарды қарауы және беруі қажет.

Осы проблемалар мен мәселелерді шешуді ұйымдастыру мен басшылық ету Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігіне, Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекені қорғау және шағын бизнесті, қолдау жөніндегі агенттігіне, облыстардың және Астана мен Алматы қалаларының әкімдеріне жүктеледі.

6. Бағдарламаны іске асыруды ұйымдастыру, қаржыландыру және бақылау мәселелері

Бағдарламаны әзірлеу және іске асыру Шағын кәсіпкерлікті дамыту және қолдау мемлекеттік бағдарламасының, бизнестің инфрақұрылымына қолайлы жағдай жасау бөлігіндегі элементінің бірі болып табылатын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің іс-қимыл бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының шеңберінде жүзеге асырылады.

Тоқтап тұрған кәсіпорындар мен тиімділігі шамалы өндірістерді қайта ұйымдастыру мен саралауды жүргізу үшін тізбелер қалыптастыру мәселесін мүліктің тікелей иелері шешеді, ал салалық министрліктер мен ведомстволардың басқаруында болатын республикалық меншік объектілеріне қатысты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті олардың өкілі болып табылады. Қарамағында акциялардың мемлекеттік пакеттері мен үлесі бар Қазақстан Республикасының салалық министрліктері мен ведомстволары, меншік иесі мен атқарушы органдарға кәсіпорындардың аумақтық-әкімшілік тиесілілігіне сәйкес тоқтап тұрған кәсіпорындар мен тиімділігі шамалы өндірістердің салалық ерекшеліктерін ескере отырып, оларды саралаудың тізбелері жөніндегі ұсыныстарын береді.

Жергілікті атқарушы органдардың (әкімияттардың) мемлекеттік коммуналдық меншік департаменті коммуналдық меншіктегі тоқтап тұрған кәсіпорындар мен тиімділігі шамалы өндірістердің аймақтық тізбесін қалыптастырады және аймақтық деңгейде оларды саралауды жүргізеді.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі тоқтап тұрған кәсіпорындар мен тиімділігі шамалы өндірістер тізбесін қалыптастыруға қатысады және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне, жергілікті атқарушы органдарға салық және бюджетке төленетін басқа төлемдер бойынша берешектері туралы ақпараттар ұсынады, салық және бюджетке төленетін басқа да төлемдер бойынша берешектері бар дәрменсіз кәсіпорындар тізілімін қалыптастырады. Уәкілетті орган төлемге қабілетсіз және дәрменсіз кәсіпорындар мониторингін жүргізеді, банкроттық рәсімдерді қолдана отырып, қаржылық-экономикалық сауықтыру рәсімдерін жүргізуге бастамашылық жасайды әрі оны ұйымдастырады.

Сараланатын мүліктердің тізбесі мен көлемінің бақылау цифрлары облыстардың әлеуметтік-экономикалық дамуының аймақтық және салалық бағдарламалары, министрліктер мен ведомстволардың тиісті ұсыныстары, оларды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарлары негізінде анықталады.

Тоқтап тұрған кәсіпорындар мен тиімділігі шамалы өндірістерді қайта ұйымдастыру процесінде сараланған мүліктер (иесінің шешімі негізінде) шағын кәсіпкерлік субъектілеріне заңнамада белгіленген тәртіппен сату, жалға беру немесе сенімгерлік басқару арқылы кейіннен сатып алу немесе меншікке тегін беру құқығымен беріледі. Шағын кәсіпкерлік субъектілері-борышкер кәсіпорынның банкроттық, саралау және мүліктерін сату рәсімдері банкроттық туралы заңнамаға сәйкес жүргізіледі.

Тоқтап тұрған кәсіпорындар мен тиімділігі шамалы өндірістердің сараланған мүліктерін шағын кәсіпкерлік субъектілеріне шағын кәсіпкерлікті қолдау әдісі ретінде беру процесінде лизингтік және франчайзингтік қатынастарды қолдау мен дамыту, бизнес-орталық, шағын бизнес технопарк құрылымын және инкубаторларын құруды қамтамасыз ету қажет.

Тоқтап тұрған кәсіпорындар мен тиімділігі шамалы өндірістерді қайта ұйымдастыру және саралау рәсімдерін қаржыландыруды, оларды белгіленген тәртіппен шағын кәсіпкерлік субъектілеріне беруді республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаттары, шағын кәсіпкерлік субъектілерін өз қаражаттары, коммерциялық банктердің несиелері есебінен қамтамасыз ету қажет. Бөлінген қаражаттар мен несиелері барынша қайтарымдығын қамтамасыз ету қажет, ол үшін тоқтап тұрған және тиімділігі шамалы өндірістерді қайта ұйымдастыру процесінде сараланған мүліктерді шағын кәсіпкерлік субъектілеріне беруді, бизнес-жоспарлар мен шарттарды (келісім-шарттарды) қарау нәтижесі бойынша тендерлік негізде жүргізу қажет, оларда сараланған объектілерді жеңілдікті немесе өтеусіз негізде сатып алған шағын кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты инвестициялық және өзге де міндеттемелерін және тиісті деп қою шараларын тексеру көзделуі тиіс.

Қайта ұйымдастыру және саралау, кейіннен оларды шағын кәсіпкерлік субъектілеріне беру үшін ұсынылатын тоқтап тұрған кәсіпорындар мен тиімділігі шамалы өндірістер тізбесін белгілеу және қалыптастыру жөніндегі жұмыстардың алдын-ала кезеңі көп шығынды қажет етпейді және Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың қызметтік функциялары мен өкілеттіктерін іске асыру процесінде жүзеге асырылады.

Сараланатын кәсіпорындардың бақылау цифрларының тізбесі мен көлемін анықтағаннан кейін аймақтық және салалық басқару құрылымдары 2002 жылға және одан кейінгі жылдарға арналған республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаттары есебінен Бағдарламаны іске асыру үшін қажетті қаржыландыру көлемін белгілейді.

Бағдарламаны іске асыру кезінде шағын кәсіпкерлік субъектілерін өз қаражаттарын, коммерциялық банктер несиелерін тоқтап тұрған кәсіпорындар

мен тиімділігі шамалы өндірістерді қайта ұйымдастыру процесінде сараланған мүліктерді сатып алу үшін пайдаланылады.

Қайта ұйымдастырылған кәсіпорындардың мүліктік кешені құрамына негізгі құрал-жабдықтар - ғимараттар, құрылыстар, жабдықтар, мүкәммал, шикізат, өнімдер және ұйымның өзге де активтері енеді. Сондықтан, сараланатын объектілер мен мүліктерді беру процесі қайта ұйымдастыру және тарату рәсімдерінің жиынтығы болып табылады, оның процесінде жергілікті атқарушы органдар шағын кәсіпкерлік субъектілері шаруашылық қызметінің мүліктік-құқықтық негізін қамтамасыз ету үшін меншік құқығын растайтын аталған бизнес бірлікті, жабдықтарды, шикізаттар мен материалдарды беру шарттар жасауға мүмкіндік беретін барлық құжаттардың сәйкестендірілуіне, паспортталуына және тиісінше ресімделуіне ықпал көмек көрсетуі қажет.

Сараланған объектілер мен мүліктердің тиісті техникалық жай-күйін, жинақталуын, сатар алдындағы әзірлігін, инженерлік-технологиялық және өндірістік консалтингін қамтамасыз етуі қажет.

7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер

Кәсіпорындардың салалық құрылымын және шағын кәсіпкерлік шығаратын өнімдерді жетілдіру.

Өндірісті әртараптандыру және шағын бизнес кәсіпорындары өнімінің номенклатурасын кеңейту.

Шағын бизнес саласында бәсекелестік ортаның сапасын арттыру.

Қолөнер өндірісінің бір бөлігін өнеркәсіптік негізге көшіру.

Халықтың жұмыспен қамтылу деңгейін арттыру.

8. Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары

Іс-шара	!	Аяқтау	!Орындалуына!	Орындалу
---------	---	--------	---------------	----------

! нысаны !жауаптылар! мерзімі

8.1. Тоқтап тұрған кәсіпорындар мен тиімділігі шамалы өндірістер тізбесін қалыптастыру

8.1.1 Республикалық мемлекеттік меншіктегі кәсіпорындар

8.1.1.1. Акциялар пакеттері республикалық меншіктегі тоқтап тұрған және залалды мемлекеттік ҚР ҚарМ кәсіпорындар мен акционерлік ММЖК-ге, ҚР ОАО Тоқсан сайын қоғамдардың мүліктерін тексеруді ақпарат жүзеге асыру, қайта ұйымдастыру

және саралау рәсімдері ұсынылатын
кәсіпорындардың мемлекеттік
меншігін басқарудың және
өміршеңдігінің тиімділігін бағалауды
жүргізу

8.1.1.2. Акцияларының бақылау ҚР ҚарМ Қр ОАО Тоқсан сайын
пакеттері мемлекет меншігіндегі ММЖК-ге
тоқтап тұрған мемлекеттік тізбелер
кәсіпорындар мен акционерлік және
қоғамдардың тізбесін қалыптастыру ұсыныстар,
және толықтыру, олардың құрамынан ҚР МБА-ға
тиімділігі шамалы құрылымдық ақпараттар
бөлімшелерді шағын кәсіпкерлік
субъектілеріне беру үшін бөліп
шығару жөнінде ұсыныс жасау

8.1.2 Мемлекеттік коммуналдық меншіктегі кәсіпорындар

8.1.2.1. Коммуналдық ҚР МБА-ға Әкімдер Тоқсан сайын
меншіктегі тоқтап тұрған және есеп беру
залалды кәсіпорындарды тексеруді,
қайта ұйымдастыруға, саралауды
жүргізуге және шағын кәсіпкерлік
субъектілеріне беруге ұсынылатын
кәсіпорындардың коммуналдық
меншігін басқарудың өміршеңдігінің
тиімділігін бағалау.

8.1.2.2. Кәсіпорындарды ҚР МБА-ға Әкімдер, Ай сайын
қаржылық-экономикалық сауықтыру, тізбе облыстық
қайта ұйымдастыру және тарату комиссиялар
жөніндегі облыстық комиссиялардың
ұсынымдарына сәйкес қайта
ұйымдастыру мен саралауды жүргізу
ұсынылатын тоқтап тұрған
кәсіпорындар мен тиімділігі шамалы
өндірістердің тізбесін қалыптастыру

8.1.2.3. Мемлекеттік меншіктегі ҚР ҚР МБА, 2001 ж.
тоқтап тұрған кәсіпорындар мен Үкіметінің ҚР МКМ, 3 тоқсаны
тиімділігі шамалы өндірістерді шағын қаулысы ҚР ҚарМ
кәсіпкерлік субъектілеріне беру
көзделетін нормативтік құқықтық

кесімдерге өзгерістер мен
толықтырулар енгізу жөніндегі
нормативтік құқықтық кесімнің
жобасын әзірлеу

8.1.3. Төлем жасауға қабілетсіз және дәрменсіз кәсіпорындар

8.1.3.1. Банкроттық рәсімдері Уәкілетті Әкімдер, Ай сайын
арқылы саралау және шағын органға аумақтық
кәсіпкерлік субъектілеріне сатуға банкроттыққа салық
ұсынылатын төлем жасауға қабілетсіз және комитеттері
және дәрменсіз кәсіпорындардың саралауға
аймақтық тізбелерін қалыптастыру ұсынылатын
кәсіпорындар
тізбелері

8.1.3.2. Банкроттық рәсімдері Уәкілетті Әкімдер, Ай сайын
арқылы саралау және шағын органға облыстық
кәсіпкерлік субъектілеріне сатуға кәсіпорындар комиссиялар
ұсынылатын кәсіпорындарды қаржылық- тізбелері
экономикалық сауықтыру, қайта
ұйымдастыру және тарату жөніндегі
облыстық комиссиялармен ұсынылған
тізбелерді келісу және бекіту

8.1.3.3. Шағымдану-талап арыз ҚР МКМ-ге Уәкілетті Ай сайын
беру және дәрменсіз кәсіпорындардың есеп беру орган
банкроттығына бастама жасауды
тұрақты негізде жүзеге асыру

8.1.4. Орталықтандырылған несиелер бойынша республикалық бюджеттен берілген, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен мемлекеттік емес сыртқы заемдар бойынша алынған төлем жасауға қабілетсіз заемшылардың мүліктері жөнінде

8.1.4.1. Шағын кәсіпкерлік ҚР Үкіметіне ҚР ҚарМ, Жарты жылда
субъектілеріне келісілген шарттармен есеп, ҚарМ- "Эксим- бір рет
олардың бюджеттен оқшауландырылған нің уәкілетті банк"
қаражатты өтеуі үшін органына ЖАҚ
орталықтандырылған несиелер бойынша мүлік
республикалық бюджеттен берілгені, тізбесі
сондай-ақ Үкімет кепілдігімен
мемлекеттік емес сыртқы заемдар
бойынша алынған пайдаланылмаған
мүліктерді саралау мүмкіндігін талдау

8.1.5. Жиынтық тізбені қалыптастыру

8.1.5.1. Жиынтық ақпаратты, Кәсіпорындар ҚР МБА Тоқсан сайын
кадастрларын және өзге де ақпарат активтерінің
жиынтықтарын қамтитын қайта тізбесі
ұйымдастырылатын және сараланатын
кәсіпорындардың жиынтық тізбесін
қалыптастыру

8.2 Республикалық және коммуналдық меншіктегі тоқтап тұрған
кәсіпорындар мен тиімділігі шамалы өндірістерді қайта ұйымдастыру және
саралау

8.2.1. ҚР МБА әдістемелік ҚР МБА-ға Мүдделі Тоқсан сайын
материалдары негізінде республикалық әкімдерден шаруашылық
және коммуналдық меншіктегі тоқтап есеп беру субъектілері,
тұрған кәсіпорындар мен тиімділігі әкімдер
шамалы өндірістерді қайта ұйымдастыру
мен саралаудың бизнес жоспарларын
әзірлеу

8.2.1.1. Республикалық және Бизнес ҚР ОАО Тұрақты
коммуналдық меншіктегі тоқтап жоспарлар
тұрған және тиімділігі шамалы жөніндегі
өндірістерді қайта ұйымдастыру мен қорытынды
саралаудың бизнес жоспарларын
жөніндегі қорытындыларды әзірлеу

8.2.2. Қазақстан ҚР МБА-ға ҚР ОАО, Тоқсан сайын
Республикасының заңнамасына сәйкес саралау ҚарМ
республикалық және коммуналдық нәтижесі ММЖК,
меншіктегі тоқтап тұрған кәсіпорындар бойынша әкімдер,
мен тиімділігі шамалы өндірістерді есеп уәкілетті
қайта ұйымдастыру және саралау орган
рәсімдерін немесе банкроттық
рәсімдерін ұйымдастыруды жүргізу

8.2.3. Аукциондық ҚР МБА-ға Уәкілетті Тоқсан сайын
саудаластықтарда шағын кәсіпкерлік сараланған орган
субъектілеріне конкурстық массасынан мүліктерді
(технологиялық кешендері мен сату
жабдықтарынан) сараланған мүліктерді жөніндегі
сатуды ұйымдастыру есеп

8.2.4. Жаңа өндірістерді құру ҚР ҚР МКМ 2001 ж.
үшін салық төлеушінің иелігіндегі Үкіметінің 3 тоқсаны

жабдықтарды, жылжымайтын мүліктерді қаулысы
және т.б. сипаттау кезінде мүлікке
билік етуге шектеу қоюдың
кезектілігінің өзгергені туралы
белгіленген тәртіппен ұсыныстарды
енгізу

8.3 Бағдарламаның орындалуын ұйымдастыру және бақылау мәселелері

8.3.1. Қалпына келтірілген және ҚР ҚР ОАО 2001 ж.
сараланған өндірістердегі жұмыс Үкіметінің 3 тоқсаны
істеп тұрған және жаңа жұмыс қаулысы
орындарын пайдаланудың тиімділігін
арттыратын, белгілі бір қызмет
түрімен айналысатын шағын
кәсіпкерлік субъектілеріне лицензия
беру жөніндегі нормативтік
құқықтық базаны оңайлату

8.3.2. Кәсіпкерлік қызмет БАҚ-қа ҚР МАКМ, Тоқсан сайын
субъектілеріне БАҚ-та және тиісті ақпарат МБА
лицензиялар мен рұқсаттарды ресімдеу
және беру бөлігінде бақылау-рұқсат
беру функцияларына ие мемлекеттік
органдардың толық тізбелерін ұдайы
жариялауды қамтамасыз ету

8.3.3. Ірі базалық ҚР ҚарМ ҚР ОАО, Тоқсан сайын
кәсіпорындардың оқшауланған ММЖК-ға әкімдер
өндірістік бөлімшелері мен есеп беру
пайдаланылмайтын жабдықтарды
және беру жөніндегі шарттардың
шағын кәсіпкерлік субъектілерімен
жасалуын және негізгі қызметі
шеңберінде өзара іс-қимыл,
ынтымақтастық және өндірістік
кооперация жасауды ұйымдастыруға
бастамашылық ету және ынталандыру

8.3.4. Тоқтап тұрған және ҚР МБА-ға ҚР ҚарМ, Тоқсан сайын
залалды кәсіпорындарды саралау есеп беру әкімдер
процесіне қаржылық-несиелік әрі
инвестициялық қолдауды қамтамасыз
ету және оларды республикалық және

жергілікті бюджеттердің қаражаттары,
сондай-ақ басқа да қаржыландыру
көздері (мақсатты заемдар, гранттар
және т.б.) есебінен шағын
кәсіпкерлік субъектілеріне
белгіленген тәртіппен беру

8.4 Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің сараланған мүліктерді тиімді пайдалануын қамтамасыз ету

8.4.1. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2002.08.05. N 876 қаулысымен.

8.4.2 Өнеркәсіп орындарының Курстар ҚР МБА, Тұрақты,
сараланған мүліктері базасында өз әкімдер 2001 ж.
бизнесін ұйымдастыратын кәсіпкерлерді 3 тоқсанынан
шағын және орта бизнес саласында бастап
даярлау және қайта даярлау
бағдарламасын енгізуді жүзеге асыру

8.5 Бағдарламаны ұйымдастыру және іске асыру мәселелері жөніндегі бұқаралық түсіндіру жұмыстарын жүргізу

8.5.1. Шағын кәсіпкерлік БАҚ-тардағы Әкімдер Тұрақты
субъектілерін бағдарламаның іске жарияланымдар
асырылуы және бизнес инфрақұрылымын
құру үшін объектілердің,
технологиялық кешендердің,
жабдықтардың және т.б. болуы туралы
ұдайы ақпарат беруді қамтамасыз ету

8.5.2. Шағын кәсіпкерлік БАҚ-тардағы Әкімдер, Тұрақты
субъектілерінің басым салалардағы жарияланымдар ҚР СІМ-нің
инвестициялық мүмкіндіктер, шағын Инвестиция.
бизнес жұмыстары, тауарлары мен лар
көрсетілетін қызметтерінің жөніндегі
конъюнктурасы туралы хабардар комитеті,
болуын қамтамасыз ету МБА

8.6 Бағдарламаны іске асыру ҚР ҚР МБА, Жарты жылда
жөнінде есеп беру Үкіметіне ҚарМ бір рет
есеп ММЖК,
әкімдер,
ҚР МКМ

Қысқартулар тізбесі:

ҚР ҚарМ ММЖК - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті;

ҚР МБА - Қазақстан Республикасының Табиғи монополияны реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі агенттігі;

ҚР МКМ - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі;

ҚР ӘдМ - Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі;

ҚР ҚарМ - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі;

ҚР МАКМ - Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі;

ҚР СІМ - Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі;

ҚР ОАО - қарамағында республикалық және/немесе коммуналдық меншіктегі акцияларының мемлекеттік пакеттері бар акционерлік қоғамдар және шаруашылық серіктестерінің үлесі бар Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары;

облыстық комиссиялар - облыстар әкімдерінің шешімімен құрылған кәсіпорындарды қаржылық-экономикалық сауықтыру, қайта ұйымдастыру және тарату жөніндегі облыстық комиссиялар.

Ескерту: * - уәкілетті орган - банкроттық рәсімдері мен соттан тыс тарату рәсімдерінде бюджетке және бюджеттен тыс қорларға міндетті төлемдер бойынша несие берушілер мүдделерін білдіруге уәкілетті, сондай-ақ соттан тыс тарату рәсіміне бастама жасайтын, Үкімет белгілейтін орган.

Бағдарлама мәтінінде "кәсіпорын" атауы былайша қолданылады және ұғынылады:

Кәсіпорын құқық объектісі ретінде - кәсіпкерлік қызметте пайдаланылатын мүлік кешені. Кәсіпорын тұтастай алғанда мүлік кешені ретінде жылжымайтын мүлік болып танылады.

Кәсіпорын құқық субъектісі ретінде - кәсіпкерлік қызметінің негізгі мақсаты - тауарлар (өнімдер, жұмыстар мен қызмет көрсетулер) өндіру болып табылатын заңды тұлға, коммерциялық ұйым.